



## ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Жасөспірімнің психологиясындағы  
ұғымның қалыптасуының кейбір  
мәселелері





Дәрісіміздің тақырыбы «ұғым» түсінігінің қалыптасуы, даму жайлы, психолінгвистиканың мәселелеріне арналады. Оны Л.С.Выготскийдің «Ойлау мен сөйлеу» атты монографиясының мазмұнының негізінде өрбітетін боламыз. Дәрістің мақсаты Лев Семеновичтің осы тақырып төңірегінде жүргізген зерттеулері, ой, пікірлерінің мазмұнын, идеясымен таныстыру.

**Ұғым — тану мен ұғынудың маңызды құралы бола отырып, ойлау мазмұнындағы негізгі өзгерістерге әкеледі.** Біріншіден, ұғымдармен ойлау шындық негізінде жатқан ақиқатты басқаратын заңдылықтарды танудың, логикалық қатынастар арқылы қабылданған әлемді жинастырудың терең байланыстарын ашады. Сөйлеу құбылысты талдау мен жіктеудегі шындықты жинастырудың, қорытындылаудың айрықша құбылысы. Выготскийдің айтуы бойынша, сөз ұғымды жеткізуші ретінде өзіне қатысты тақырыптың нағыз теориясы болып табылады. Ұғымның белгілі таңбалары болып табылатын сөз арқылы нақты шындықты тани отырып, адам әлемнің байланыстары мен заңдылықтарын ашады.

Выготский тәжірибесінде өте қызықты тығыз байланыс байқаған. Біріне-бірі ауысу және ұғымдар байланысы, шындықтың өзара ауысуы мен құбылыстардың байланысын бейнелей отырып, ұғым басқаларға байланысты пайда болуын және пайда болғаннан кейін өз орнын алғаш танылған ұғымдар жүйесінде белгілейді. Енді сол тәжірибенің барысы жайлы айтатын болсақ, ол тәжірибедегі сыналушының алдына әр түрлі төрт ұғым қалыптастыру міндеті тұрған еді. Ғалымның байқағанындай, алғашқы ұғымның қалыптасуы қалған үш ұғым қалыптасуының кілті болды. Осы орайда, қалған үш ұғым әдеттегі алғашқы түсіну жолымен қалыптаспай, алдында дағдыландырылып қойған ұғымның көмегімен қалыптасады. Екінші, үшінші және төртінші ұғымның жаттықтырылу барысы алғашқы ұғымның дағдылану барысынан қатты ерекшеленеді және тек ерекше жағдайларда ғана ұғымның төртеуі бірдей операция көмегімен қалыптасады. Ұғымдардың өзара байланысы, іштей бір жүйеде болуы ұғымның сыртқы дүниені тану және жүйелеуінің негізгі құралы болуының айғағы дейді автор.

Выготский Л.С. ұғым тек қана жүйеге әкелінген шындықты сырттай танудың негізгі құралы болып қоймайды дейді. Ол сонымен қатар, басқаны, яғни адамның қалыптасқан әлеуметтік тәжірибесін парапар меңгерудің де негізгі түсіну құралы болып табылады. Мысалы, жасөспірім алғаш рет қоғамдық сана әлемін тек ұғыммен ғана жүйелейді және ұғынады. Осы ойды Гумбольд өте дұрыс анықтаған. Оның ойынша, сөйлеу арқылы ойлау дегеніміз — өзінің жеке ойлауын жалпы ойлаумен жанастыру. Ойлауды толық әлеуметтендіру ұғымдардың қалыптасу функциясында болады.

Ақырында, ойлауда ұғымның қалыптасуына байланысты пайда болатын орта —өзінің жан дүниесінің күйзелістерін, қобалжуларын жүйелеу, тану және реттеу болып саналады. Авторлардың бірі толық дәлелмен мәлімдегеніндей, сана дегеніміз — адамда кеш пайда болатын өзіндік сана-сезімнен мүлде өзге құбылыс, өйткені ол оның рухани өміріндегі тұрақты қасиет.

**Шындықты түсіну, басқаларды түсіну және өзін түсіну — міне, ұғымдардағы ойлаудың әкелетіні осы.**

Тұлғаның дамуын, қоршаған ортаға қатынасын ұғымдардағы ойлауды тіл даму тарихының алдында тұрған міндеттермен салыстырсақ, онда ол зерттеу мәселесінде дұрыс шешіледі дейді автор. Осы ретте ол А.А.Потебняның ойын мысалға келтіреді. Оның есептеуінше, тұлғаның табиғатқа қатынасын қамтитын бірізділікті жүйелер қалыптасуындағы сөздің қатысын істе көрсету — тіл тарихындағы негізгі мәселе болып табылады. Жалпы алғанда, егер біз тілді дайын ойды жеткізу құралы ретінде емес, керісінше, жасау құралы ретінде және ол қалыптасқан дүниеге көзқарастың бейнесі емес, оның іс-әрекетін қосушы ретінде қабылдасақ және осыны негізгі ереже деп алсақ, ол қатынастың мазмұнын дұрыс түсінеміз дейді.

Выготскийдің пікірінше, өзінің рухани қозғалысын сезіну үшін, өзінің сырттай қабылдауларын түсіну үшін адам баласы олардың әрқайсысын сөз арқылы ақиқаттап отыруы және осы сөзді басқа сөздермен байланыстырып отыруы керек. Өзін және сыртқы жаратылысын тануда сол жаратылыстың өзі қалай көрінетінінің маңызы зор. Өйткені қандай салыстырулар арқылы оның жеке стихиялары ақыл үшін қажет, бұл салыстырулар біз үшін қаншалықты шынайы, бір сөзбен айтқанда, сөздің ішкі формасының алғашқы қасиеті мен сатысы ой үшін маңызды екендігін айтады.

Автор жаратылыс пен тұлғалылықты тану басқа адамдарды түсіну, қоршаған ортаны түсіну, қоғамдық тәжірибені түсіну арқылы атқарылатынын бір сәт те ұмытпауымыз керектігін айтады. Сөйлеу ұғымнан ажырамайды. Бұл сөйлеу мен ұғымның ажырамастығы әлеуметтік қолданыста, қатынас құралы ретінде және жеке қолдануда ойлау құралы ретінде пайдаланылады.

Фабрика және завод мектебінің оқушылары мен крестьян жастарының мектептерінде оқитын бірнеше



жүз жасөспірімнің қатысуымен, Выготскийдің әріптесі Е.И.Пашковская жинаған мәліметтерді Выготский зерттеген екен. Сол туралы айта кетейік.

Зерттеу мақсаты балалық шақта қолданылатын ұқсас зерттеулердегі елес қорын зерттеу дегеніміз не екендігін анықтау болған. Шын мәнінде, Пашковская зерттеуінде анағұрлым үлкен мәселелер шешілді дей келе, Выготский былай дейді: бізді бұл жерде соншалықты қызықтырған елес қоры емес, жасөспірім билігіндегі білім инвентары емес және оның ойлауының қалыптасуындағы кездердің тізімі де, жалпы елес шеңберінің сандық жағы да емес, керісінше, ең алдымен, ойлау мазмұндарының құрылымы мен сыналұшының ойлауында әр түрлі тәжірибе саласындағы күрделі байланыстар мен қатынастар еді. Выготскийді қызықтырғаны жасөспірімнің қандай да бір ой мазмұнының құрылысы баланың елестетуінен сапалы ажыратылатындығын табу еді.

Жасөспірімнің парасаты қарапайым бірліктерге сүйенеді, бірліктер жиынтығынан өтпелі кезеңде ойлау мазмұны қалыптасады. Сөйтіп, Пашковская зерттеуі шындықтың әр түрлі жағына, яғни ұғымның сыртқы және ішкі құрылымы мен байланысын қамтыды. Выготскийді жасөспірім ойлауының мазмұн жағы қызықтырды. Выготский ұғымға мазмұн тұрғысынан қарап, өтпелі кезеңде ойлаудағы жаңа форманың пайда болуы — ұғымның қалыптасу функциялары — жасөспірімнің интеллектілік іс-әрекетінің түпкілікті қайта құрылуы арасында байланыстың бар, жоғын көргісі келген.

Зерттеу жасөспірімнің әр түрлі тәжірибе орталарын қамтып, жаратылыс құбылыстарына, техникалық процестер мен құралдарға, қоғамдық өмір құбылыстарына, психологиялық абстрактілі елестерге қатысты ұғымдарды зерттеуді енгізді. Негізінен зерттеу Выготский күткен байланысты растап, жасөспірім ұғымының қалыптасу функциясымен бірге, құрылымы, жүйелеу тәсілі жағынан, қамту және бейнелейтін шындық жағынан мүлдем жаңа мазмұн туындайтынын көрсетті. Біз зерттеу нәтижесінде оның ойлау мазмұнымен бірге молайып, жаңа формалар қалыптастыратындығын байқайған.

Осыдан, Выготский осы жағдайды есепке алмау — сол кездегі психологиядағы қателесу деген ойға келеді. Бұл қателік ұғымды таза формалды қарастыру, мазмұндағы жаңа жүйені елемей немесе ойлау мазмұнының материалдық жағын таза морфологиялық, феноменологиялық тұрғыдан талдау, бір ғана морфологиялық талдау нәтиже бермейді және оның функциялық, генетикалық талдаумен қарым-қатынаста болуын ескермеуден туындайтынын айтады. Өйткені осы мазмұн тек белгілі формада парапар беріліп және тек қана ойлаудың өзгеше іс-әрекеті мен интеллектілік функцияның белгілі тәсілдерінің пайда болуымен ғана осы мазмұнды бейнелеуге мүмкіншілік туады. Өтпелі кезеңдегі ұғымның қалыптасу функциясы дегеніміз — жас әрі тұрақсыз интеллектінің табысы. Сондықтан да, егер жасөспірімнің ойлауының барлығына ұғым тән десек, қателескен болар едік. Керісінше, бұл жерде ұғымдарды біз тек қана құрылу процесінде байқаймыз және олар өтпелі кезеңнің соңына дейін әлі ойлаудың үстем формасы болмайды. Өйткені жасөспірімнің интеллектілік іс-әрекеті көбінесе генетикалық жағынан ертерек басқа формаларда атқарылады деген қорытындыға келеді.

Осыған сүйене отырып, Выготский жасөспірім ойлауының сол бір диалектикалықсыздығы мен оның ойлауындағы көптеген зерттеулерге нұсқайтын романтизмді түсіндіруге ұмтылады. Зерттелген жасөспірімнің көпшілігі, алдарына абстрактілі ұғымды анықтау мәселесін қойғанда, олардың нақты анықтамаларға сүйеніп жауап бергені зерттеушілерге қызық жайдай болады. Мысалы, жақсылық дегеніміз не деген сұраққа былай деп жауап береді: «Жақсыны сатып алу — міне, осы жақсылық» (14 жас, О), «Жақсылық дегеніміз — біреудің біреуге істеген жақсы нәрсесі» (15 жас.). Алайда бұл терминнің тұрмыстық, практикалық мағынасын анықтау көбірек байқалады: «Жақсылық дегеніміз — байлық, мысалы: әдемі сырға, сағат, шалбар және т.б.» (13 жас.); «Қандай дүние тапсаң — сол жақсылық» (13 жас.); тағы да нақтырақ: «Қызды сандықпен ұзату, яғни киімдер» (13 жас.); «Біздің иелігіміздегінің барлығы жақсылық, атап айтқанда дәптер, қаламұш, қалам және т.б.» (19 жас.); «Жақсылық дегеніміз — асыл заттар», — дейді.

Егер зерттелушілер осы ұғымға басқа анықтама беріп, оның мазмұнындағы психологиялық, және рухани сапасына сүйенсе, онда мұндай анықтамалардың сипаты көбінесе өтпелі кезеңнің басында осындай нақты болып қалады. Тұрмыстық мағынада сөз нақтырақ мысалдың көмегімен түсіндіріледі. Өтпелі кезеңнің ең алғашында ұқсас өзгешелік «ой», «махаббат» және т.б. түсініктердей анықтамалар болады. Махаббат деген не сауалына былай жауап береді: «Махаббат дегеніміз — біреуді жақсы көру» (14 жас.); «Махаббат деген — ер кісінің әйелді сүюі» (13 жас.); «Махаббат дегеніміз — тұрмысқа шығуды қалау немесе қызбен отырып, оның халін сұрау» (13 жас.); «Махаббат туыстар және таныстар арасында болады» (13 жас.).

Абстрактілі ойлауға өту қазіргі сандық, жағынан басым болмағанымен, ол өтпелі кезеңге тән: жасөспірімнің өсуіне байланысты ол да дамиды, нақтылы ойлауға өткен кезең қазіргінің басым бөлігі, абстрактілікке қазіргінің аз бөлігі, дегенмен болашақтың бүкіл бөлігі енеді...



**Латынша *cogitatio proptio dicere*** (жеке адам арқылы сөйлеу дегенді білдіреді) ойлау мазмұны айтушының ішкі нанымына, оның ойын бағыттаушыға, мінез-құлқы, тілегі мен ниетінің нормасына айналады. Бұл әсіресе жасөспірімдердің қазіргі саясат, қоғамдық өмір, өз өмірі туралы т.б. өзекті мәселелерге берген жауаптарынан айқын байқалады. Жауаптардағы ұғым мен ондағы берілген мазмұн баланың айтқанындай жеткізілмейді; ол жеке тұлғаның күрделі ішкі сәттерімен етене байланысқан, сол кезде қай жерде объективті көзқарастың аяқталуын және қай жерде өзінің қызығушылық, наным, мінез-құлық бағыты шыққандығын аңғару қиын болады дейді автор.

Осыдан келіп Виготский мазмұн ойға қатысты құрылған сырттай қатынас емес және ол қандай да бір интеллектуалдық іс-әрекет формасын ыдысты толтырған су сияқты толтырмайды, ол интеллектуалдық функциямен органикалық байланысқан және мазмұнның әр саласына тән ерекше функциясы болады және мазмұн тұлғаның игілігіне айнала келе, тұлғаның жалпы қозғалыс жүйесіне, оның жалпы даму жүйесіне ішкі кезеңдердің бірі сияқты қатыса бастайды деген ережеге дәлел береді.

Виготский айқын ұғынылған ой жасөспірімнің жеке логикасы мен жеке қозғалысы ойлаудың таныс бөлігі ретінде қосылған тұлға ойлауының жеке жүйесінің жалпы даму заңдылықтарына бағына бастайды. Психологтың мақсаты да осы процесі бақылап, тұлға мен ойлаудың айқын ұғынылған ойы қосылған күрделі құрылымын таба білу болып табылады. Осы жерде Виготский ойлау дамуындағы форма мен мазмұнның үйлеспеушілігіне қатысты әдеттегі адасуларды жеңіп шығу үшін негізгі кезеңдердің бірін анықтауға басты назар аударады. Дәстүрлі психология ұғымды абстрактілі ой құрылымы ретінде түсінді. Формалды логика тұрғысынан ұғымның дамуы негізінен ұғымның көлемі мен мазмұны арасындағы кері пропорционалдық заңына бағынады. Ұғымның көлемі ұлғайған сайын, мазмұны соғұрлым кішірейеді. Бұл берілген ұғымға неғұрлым көп тақырыптар қосылса, неғұрлым үлкен шеңберде нақты заттарды қамтыса, соғұрлым оның мазмұны кедейленіп, босай береді. Формалды логикаға қатысты ұғымның қалыптасу процесі өте қарапайым. Дерексіз және жалпылау кезеңдері бір-бірімен іштей тығыз байланысты және осы тұрғыдан бір процесс болып табылады. К.Бюлердің сөзіне қарағанда, логикадағы абстракция және жалпылау дегеніміз — өте қарапайым әрі түсінікті. Белгілердің бірінен айырылған ұғым мазмұны жағынан жұтап, дерексізденіп, көлемі ұлғайып жалпыланады.

Осыны ескере отырып, Виготский егер жалпылау процесін дерексіздің немесе абстрактіленудің тура нәтижесі деп қарастыратын болсақ, онда біз амалсыздан ұғымдармен ойлау шындықтан алыстайды және ұғымда берілген мазмұн кедейленіп, тарыла береді деген қорытындыға келеміз деген ой айтады. Осындай ұғымдарды бос абстрактілік деп атауы бекер емес. Кейбір ғалымдар «ұғымдар шындықтың жиналу процесінде пайда болады» деген болатын. Ұғым қалыптасу үшін нақты әр түрлі құбылыстар өз белгілерін жоғалтулары тиіс. Шынында да, шындықтың әр алуандығы логикалық оймен тарылтып кедейлендірілген құрғақ және бос абстракті пайда болады. Осыдан келіп Гетенің: «Кез келген теория бұлыңғыр және өмірдің алтын діңгегі мәңгі жасыл (тірі)» деген әйгілі сөзі шығады дейді.

Осы бір құрғақ, бос, бұлыңғыр абстракция мазмұнды жоққа шығарғысы келеді, өйткені ұғым жалпыланып, бос қалады. Мазмұнның кедейленуі қажеттіліктен туды, формалды логика жетегімен психология ұғымды ойлау жүйесінің мазмұнына қарай кедей, тапшы, бос күйінде елестетті.

Ақиқат ұғымның мәні формалды елестерде терең бұрмаланады. Нағыз ұғым — күрделенген заттардың объективті бейнесі жалпы заттарды олардың барлық байланысымен қарым-қатынасы негізінде танығанда, ұғым қалыптасады. Диалектикалық логика ілімі бойынша ұғым тек қана жалпылықты ғана емес, сондай-ақ жекелікті, жалғыздықты қамтиды.

Затты тікелей білу және сырттай қараумен салыстырғанда ұғым заттық анықтамаларға толы, ол Виготскийдің тәжірибесіндегі рационалды өндеудің нәтижесі, затты жанама түрде білу болып табылады. Ұғымның көмегімен қандай да бір зат жайында ойлау дегеніміз — берілген затты анықтауда оның байланыстары мен қатынастарын жанамалайтын күрделі жүйеге қосу дейді автор. Сонымен, ұғым — абстрактінің механикалық нәтижесінен пайда болмайды, ол затты ұзақ әрі терең танудың нәтижесі.

**Психологиялық зерттеулерде ұғым дегеніміз** — ұғым ішіндегі мазмұнның үнемі молаюы мен тереңдеуі деп анықтайды. Бұл жерде абстрактіні микроскоп күшімен салыстырған маркстік салыстыру өте дұрыс дейді автор. Ғылыми зерттеулерде ұғымның көмегімен құбылыстың сыртқы көрінісіне еруге мүмкіншілік аламыз және құбылыстар негізінде жатқан жасырын байланыстар мен қатынастарды көріп, олардың мәніне ене аламыз.

К.Маркстің белгілі анықтамасы бойынша, егер заттардың көрініс формасы мен ішкі мәні тікелей бір-біріне сәйкес келсе, онда барлық ғылым қажетсіз болар еді. Ұғымдардағы ойлау сондықтан да шынайы



өмірді танудың қолайлы тәсілі болып табылады, ол заттың ішкі мәніне енеді, белгілі бір затты тану — заттың жаратылысын түсіндіре алмайды, өйткені қозғалыстағы, заттың дамуындағы байланыстар мен қарым- қатынастар оларды өмірдегі басқа да шындықпен байланыстырады. Заттардың ішкі байланысы ұғымдардағы ойлаудың көмегімен ашылады. Қандай да бір зат жайында ұғым — осы заттың барлық басқа шындықпен бірқатар байланыстары мен қатынастарын ашу, құбылысты күрделі жүйесіне қосу. Осымен қоса, ұғымның қалыптасуы негізінде жатқан интеллекттік механизмі жайлы дәстүрлі түсінік те өзгереді дейді Лев Семенович. Формалды логика мен дәстүрлі психология ұғымды ортақ ұғымға жинақтайды. Ұғым нақтылы елестен ерекшеленеді.

Енді ойлау формасы өтпелі кезеңде басынан қандай маңызды өзгерістер өткізетінін қарастырамыз. **Выготский ұғым дегеніміз** — белгілі пікірлер жүйесі деп белгіленген көзқарасты қабылдай келе, ұғымның табиғи көрінетін ортасы бола алатын бірден-бір әрекет логикалық ойлау дегенмен де сөзсіз келісетінін айтады. Ғалымның көзқарасы бойынша, логикалық ойлау ұғымнан жеке элементтер сияқты құрастырылмайды. Ұғымнан үстем тұрған және одан кейін пайда болатын қозғалыстағы және әрекеттегі түсініктердің өзі. Жасөспірім ойлауының формасындағы басты төңкеріс — логикалық ойлауды меңгеру болып табылады. Логикалық ойлауды меңгеру тек өтпелі кезеңде ғана шынайы фактіге айналады және тек осы деректің арқасында ғана жоғарыда айтылған ойлау мазмұнындағы терең өзгерістер болуы мүмкін.

Выготский еңбегінде ойлаудың логикалық дамуын өтпелі кезеңмен ұштастыратын көптеген зерттеушілердің дәлелдемелері бар. Мысалы, Э.Мейманның сөзі бойынша, оқулықтарда қолданылатын нағыз логикалық ой қорыту формаларын бала тек кейінірек қана оңай орындай алады. Неміс мектебіндегі соңғы жылдарда, яғни шамамен 14 жасар бала орындалатын ой қорытындылары арасындағы байланысты көре де, түсіне де алатын жағдайға жетеді. Шынында, Мейманның пікірі бірнеше рет таласқа түсті. Логикалық ойлаудың жыныстық жетілу кезеңінен әлдеқайда ерте пайда болатыны көрсетілді. Мейманның көзқарасын жоққа шығару әрекеті әрқашан екі бағытта жүрді.

Авторлардың бір тобы Мейман көрсеткен мерзімді жай төмендетуге ұмтылды. Мысалы, Г.Ормиан зерттеулерінде логикалық ойлауды меңгеру 11 жастан басталады деп тапты. Басқа авторлар да 11—12 жас аралығын көрсетеді, яғни бұл ойлаудың логикаға дейінгі формасының жойылу кезеңі мен логикалық ойлауды меңгеретін бірінші мектеп жасының аяқталу кезеңіне сәйкес келеді. Мейман көрсеткен логикалық ойлау уақытын 2 жыл мерзімге азайтуға тырысқан бұл пікір Мейман жақтайтын жағдаймен ұштасады, немесе ол дамыған формадағы логикалық ойлауды түпкілікті меңгеретінін көрсетеді.

Осы ережеге үзілді-кесілді түрде қарсы пікір айтатын авторлар бар. Сәбилік шақтағы баланың ойлауын терең зерттеулеріне негізделіп және жасөспірім ойлауының зерттеулеріне сүйенбей, 3 жастағы бала ойлауы мен жасөспірім ойлауының арасындағы қандай да бір айырмашылықты жоққа шығаруға бейім. Таза сыртқы мәліметтерге негіздей отырып, зерттеушілер дамыған логикалық ойлауды үш жасар балаға таңады. Олар осы жерде ұғымсыз ойлау мүмкін еместігін, ал ұғымдар салыстырмалы түрде кеш пайда болатынын ұмытады.

Осы психологиялық таласқа Выготскийдің пікірі мынандай. Сәбилік шақтағы балада абстрактілі ойлау мен ұғым бар ма және ұғым мен логикалық ойлаудың жалпылау мен сәбилік кезеңдегі бала ойлауынан айырмашылығы неде? Выготский ұғымның қалыптасуы өтпелі кезеңде басталады деген пікірмен ғана шектелмей, генетикалық кесулер әдісін қолданғанын және ойлау дамуының әр түрлі сатыларын салыстыра отырып, жалған ұғымның нағыз ұғымнан айырмашылығын, кешенді ойлау мен ұғымдардағы ойлаудың сапалы айырмашылығын және өтпелі кезеңдегі ойлаудың даму мазмұны неден тұратынын жүйелі түрде көрсетуге тырысты. Выготскийдің зерттеулері бөбектік шақта, мектепке дейінгі және мектептік жаста логикалық ойлау тән деген түсінікті жоққа шығаруға әдейі бағытталған сияқты.

Осы зерттеулерден шығатын негізгі қорытынды ойлау формасының артында, мәні жағынан сырттай логикалыққа ұқсас сапалы түрде ерекше ойлау операциялары жасырылатындығын ашуда болып табылады. Бұл жерде Выготский бала ойлауындағы сапалы ерекшелікті ашу мен оның логикалық ойлаудан негізгі ерекшелігі ашылуына байланысты үш негізгі кезең жайында айтып отыр. Басқа зерттеулердің нәтижелерін Выготский генетикалық кесулер әдісін қолданып қайта қарастырған. Яғни ұғымды ойлаудың басқа ерте дамыған генетикалық формаларымен салыстыра отырып, ұғымдағы ойлаудың ерекшелігін табуға тырысқан.

Выготский тек қана салыстырмалы-генетикалық зерттеу мен ойлаудың ерте даму формасын салыстыру арқылы оның ерекшеліктерін тануға жол тапқысы келді. Осы жерде авторда балада логикалық ойлау мен ұғым қалыптасып үлгерді ме деген сұрақ туындайды. Шамамен, 12 жаста әлеуметтік өмір баланың алдына



жаңа міндеттер қоятын жаңа бағыттарды белгілейді. Осы жерден біз баланы қоршаған өмір ақыл-ойдың бейімделуін талап ететін көптеген жаңа мәселелерді ұсынатындығын байқаймыз және осы мәселелерді шешу процесінде бала өз ойлауында көптеген жаңа мазмұндарды меңгереді, осы жаңа мазмұн оны жаңа формаларды дамытуға итермелейді.

Оның көрнекі дәлелі — балалар ұжымында болатын таластың туындауы, формалды-логикалық ойлаудың дамуына байланысты дәлел мен дәйектеме келтіру, өз ойын негіздеу және тұжырымдау қажеттілігіне деген тәуелділік. Пиаженің айтуынша, нақ осы жылжу заңының арқасында Бине—Симонның үш ағайынды туралы тесті балаға тек қана шамамен 11 жасында, яғни формалды ойлаудың басында қолайлы бола бастайды. Пиаженің есептеуінше, егер осы тестті әңгімелеп бергеннің орнына, балаға нақты кейіпкерлерді таныстырғанда, бала ешқандай қателік жібермеген болар еді. Бірақ ол ойлана бастағанда шатасады дейді автор.

Өз әрекеттерін, жеке операцияларын түсіну тілге тікелей қатысты болады. Сондықтан да Пиаже тілдің маңыздылығына назар аударады. Тіл — түсінудің құралы. Зерттеулер көрсеткеніндей, мектеп жасындағы бала өзінің ой операцияларын толық ұғына алмайды, сондықтан да оларды толық меңгермейді. Оның іштей байқауға — интроспекцияға қабілеті әлі аз оқушы сырттай логикалық ойлауға қабілетті болып көрінгенімен, осы сөздің шын мағынасында ол әлі логиканы меңгермеген. Осы жерден Выготский бала дамуының жалпы заңына параллельді байқайды, яғни, әрдайым, әдетте, бала қандай да бір ой операциясының ішкі құрылымына қарағанда, сыртқы формаларын ертерек меңгереді. Бала санаудың не екенін түсінудің алдында-ақ санай бастайды және байыпты түрде оны қолданады. Бала сөйлеуінде «өйткені», «егер де», «дегенмен» сияқты шылаулар оның ойлауында себептілік, шарттылық және қарама-қарсылықты ұғыну пайда болғанға дейін де болады. Бала сөйлеуінің грамматикалық дамуы осы сөйлеу құрылымына сай, логикалық категориялар дамуының алдында жүретін сияқты, логикалық ойлаудың сыртқы формаларын меңгеруде, әсіресе көрнекі және әрекеттік ойлау процесінде, сыртқы нақты жағдайларды қолдану логиканы іштей меңгерудің алдында жүреді. Мысалы, Пиаже арнайы зерттеулерінде анықтағандай, бала сөйлеуі өте ерте пайда болғанмен, 11—12 жасқа дейінгі балалар қарама-қарсылықты білдіретін шылауларды толық түсінбейді. Ал кейде кейбір мүлдем нақты жағдайларда бала оларды өте ерте дұрыс қолданады. Арнайы зерттеулердің көрсеткеніндей, «дегенмен», «қарамастан», «тіпті», «егер» және т.б. шылаулардың нағыз мағынасын бала өте кеш меңгереді. Г.Мюллер жасөспірімнің логикалық ойлау қабілеттерін екі түрлі тест арқылы зерттеді. Жасөспірімдерден екі ұғым арасындағы қатынасты тауып, берілген нақтылы қатынаста тұрған жаңа ұғымды табу міндеті қойылды. Осы тапсырмалар шешімдерін жас бойынша бөліп қарау логикалық ойлаудың ұлдарда — 13, ал қыздарда 12 жастан бастап үстемдік етуші формаға айналатындығын көрсетті.

Қорыта келе, ойлаудың дамуы ұзақ уақыт бойы Выготскийдің зерттеу нысаны болып келген, өйткені ойлауды біз өтпелі кезеңде басқа да жеке процестер қатарындағы жеке даму процесі ретінде қарастыра алмады. Ойлау бұл кезеңде басқалардағы сияқты функцияның бірі болып табылмайды. Ойлаудың дамуы барлық функциялар мен процестер үшін ортақ, шешімді маңызға ие болады. Жасөспірімнің жеке тұлғасына, оның барлық психикалық функциясына интеллектілік дамудың жетекші рөлінің айқындылығын Выготскийден артық ешкім жеткізе алмады. Выготский ұғымның қалыптасу функциясын меңгеру жасөспірімнің психологиясындағы барлық және негізгі өзгерістердің туындауына, интеллектісінің өсуіне, өзгеруіне әкелетіндігін айтты.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Общая психология: Курс лекций /Сост. И.Рогов.- М.,1983
2. Общая психология: Учебное пособие /Под ред. А.В.Петровского. М., 1977
3. Педагогика және психология. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. «Мектеп» баспасы, - Алматы, 2002
4. Психологический словарь /Под ред. В.В.Давыдова. М.,1996